

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті

СӨЖ

Қабылдаған: Орынбасарова А

Орындаған: Паччаханова Ш

Тобы:ЖМ-209

• Тақырыбы:

- *Анальгетикалық белсенділігі бар орталық әсерлі опиодты емес препараттар*
-

Жоспары:

I Кіріспе

Наркотикалық емес дәрілік заттардың фармакологиялық әсері

II Негізгі бөлім

1. Наркотикалық дәрілік заттардың топтары
2. Пирозолон туындысына жататын анальгетиктер
3. Пара – аминфенол туындыларына жататын препараттар

III Қорытынды

IV Пайдаланылған әдебиеттер

Фармакологиялық әсерлері: анальгетикалық, гипотермиялық, қабынуға қарсы, агрегацияға қарсы (аспирин), ульцерогенді (АІЖ-да жаралар пайда болады), нефротоксикалық (аспирин), гепатотоксикалық (парацетамол), гематотоксикалық (анальгин).

Әсер ету механизмі: циклооксигеназа ферментін тежеу арқылы простагландиндердің түзілуін тежейді, нәтижеде серотонин, гистамин, брадикининнің бөлінуі төмендейді. Ауырсынуды басатын әсері қабыну процесстерімен байланысты патологиялық жағдайларда аса тиімді болады.

Наркотикалық емес анальгетиктер өз фармакологиялық қасиеті және әсері жағынан морфиннан (наркотикалық анальгетиктерден) төмендеу болып келеді. Бұлардың әсері көбінесе қабынумен байланысты ауырсынуларда (артрит, миалгия және т.б) тиімді болып келеді.

Бейопеинді анальгетиктер ауруды басатын, нашақорлық пен наркозға әкелмейтін заттар. Олардың наркотикалық заттардан айырмашылығы седативті және ұйықтататын әсері жоқ. Оларды қолданғанда эйфория, дәріге деген тәуелділік көрсетілмейді.

- **Есірткілік емес (наркотикалық емес) анальгетиктер негізгі 3 фармакологиялық қасиеттерге ие:**
 - Олар анальгетикалық немесе жансыздандырғыш қасиетке ие. Әсіресе бұлшық ет ауырсынғанда, бас және тіс ауруларында.
 - Қалтырау кезінде ыстықты түсіретін және антипиреттік қасиеттерге ие.
 - Қабынуға қарсы белсенді әсерін көрсетеді
-

Опиоидты емес аналгетиктер



```
graph TD; A[Опиоидты емес аналгетиктер] --> B[Шеткерлік әсерлі препараттар]; A --> C[Орталық әсерлі препараттар]; B --> D["Ацетасалицил қышқылы<br/>Бутадион<br/>Анальгин<br/>Амидопирин"]; C --> E["Парацетамол<br/>Фенацетин"]
```

Шеткерлік әсерлі препараттар

Ацетасалицил
қышқылы
Бутадион
Анальгин
Амидопирин

Орталық әсерлі препараттар

Парацетамол
Фенацетин

- **Парацетамол** анальгетик-антипиретик. Анальгезиялық, ыстық түсіретін және аздап қабынуға қарсы әсері препараттың гипоталамустағы терморегуляция орталығына әсер етіп простогландинсинтезінде тежейді. Өртүрлі жеңіл және орташа дәрежедегі ауырсыну синдромы (бас ауруы, мигрень, тіс ауыруы, невралгия, миалгия, альгодисменория, жарақат кезіндегі ауырсыну, күйік)
 - Максималды тәуліктік мөлшері -4 г.
 - Максималды емдеу ұзақтығы -5-7 тәулік.
 - 6-12 жастағы балаларға бір реттік мөлшері -240-480 мг.
 - 6-12 жаста 240 мг, 1-6 жаста 120-240 мг,
 - 1 жасқа дейінгі балаларға 24-120 мг,
 - Парацетамолды қолдануға қарсы көрсеткіштер ауыр бүйрек қызметінің бұзылыстары, глюкозо-6-фосфогидрогеназа ферментінің жетіспеушілігі, қан аурулары, 3 айға толмаған балалар, парацетамолға жоғары.
 - Препараттың жанама әсері: лоқсу, эпигастралды аймақтың ауырсынуы, аллергиялық реакциялар (терілік бөртпе, қышу, есекжем, Квинке ісінуі). Сирек анемия, тромбоцитопения, метгемоглобинемия. Көп мөлшерде ұзақ уақыт қабылдағандарда гепатотоксикалық әсер көрсетуі мүмкін.
-

- **Фенацетин (Phenacetinum).** 1 – Этокси – 4 ацетаминобензол.
 - Ұсақ кристалды ақ, иіссіз, әлсіз қышқылдау дәмі бар. Суда аз ериді, қайнаған суда өте нашар ериді., спиртте ерігіштігі жоғары. Ыстықты түсіретін және ауырсынуды басатын қасиетке ие. Фенацитинді басқа заттармен (кофеинмен, амидопиринмен және т.б) невралгияда, бас ауыруларында қолданады. Теріде бөрітпелер, эйфория, метгемоглобинемия және анемия секілді жағымсыз әсерлер кездеседі. Сонымен қатар кей жағдайда фенацитинді ұзақ қолданған жағдайда, кейбір түзілген метоболиттер зәр шығару жолдарында ісіктердің (опухоль) пайда болуына әкеледі. Фенацитинді бүйрек ауруларында және жүктілік кезінде қолдануға болмайды. Комбинирленген таблеткалар: «Асфен», «Пирафен», «Пиркофен», «Седальгин», «Фенальгин», «Цитромон» құрамында кездеседі.
-

- Клонидин (Клофелин)-
антигиперзентивті зат ретінде қолданылатын
адреномиметик, айқын анальгезиялық әсер көрсетеді.
 - Ауырсыну мен шақырылған вегетативті бұзылыстардың
дамуына кедергі келтіреді.
 - Анальгетик ретінде операция кезінде, операциядан кейінгі
кезеңде, миокард инфарктірінде, қатерлі ісікте
қолданылады.
 - .
-

- **Анальгин (analginum).** Ақ немесе ақшыл (әлсіз сары реңі бар) ұнтақ. Суда жақсы ериді, спиртте ерігіштігі төмен. Анальгин белсенді анальгезиялық қасиетке, қабынуға қарсы және ыстықты түсіретін қасиеттерге ие. Қасиеті жағынан амидопиринге ұқсас. Өте жақсы ерігіштігіне байланысты анальгин параэнтеральді жолмен енгізуге кең мүмкіндік береді. Жиі анальгинді амидопиринмен, фенацетинмен, фенобарбиталмен, кофеинмен және т.б заттармен қолданады. Қолданылуы: Анальгинді невральгияда, бас ауырғанда, радикулитте, миозитте, қалтырау кезінде, тұмауда, ревматизмде қолданады.
-

- **Амидопирин (Amidopyrinum)**
 - Түссіз кристалдар және иіссіз ақ кристалды ұнтақ, әлсіз – қышқыл дәмә бар. Суда әлсіз ериді (1:20), спиртке тез ериді (1:2). *Ауырсынуды басатын, ыстықты түсіретін, қабынуға қарсы әсер* көрсетеді. Фармакологиялық қасиеттеріне қарай амидопирин антипиринге ұқсас, бірақ белсенділігі жоғары. Қолданылуы: Бас ауырғанда, артрит, миозитте, кей жағдайда жіті буындық ревматизмде ұсынылады.
 - Амидопиринмен ұзақ емдегенде қанды зерттеуден өткізіп отырған жөн, себебі кей жағдайларда қан түзілуі тежелуі мүмкін (гранулоцитопения және агранулоцитоз). Кей жағдайда тері бөрітпелері, анафилактикалық реакция дамуы мүмкін. Амидопиринді ішке ұнтақ және таблетка түрінде, сирек ерітінді түрінде 0,25 – 0,3 г күніне 3 – 4 рет тағайындалады.
-

- **Антипирин (Antipyrinum).**
 - Түссіз кристалдар және иіссіз ақ кристалды ұнтақ, әлсіз – қышқыл дәмі бар. Суда, спиртке тез ериді. Ауырсынуды басатын, ыстықты түсіретін, қабынуға қарсы әсер көрсетеді. Жергілікті енгізгенді қан тоқтататын әсері бар. Антипиринді невралгияда, суық тиіп ауырғанда ішке қабылдайды. Ересектерге 0,25 – 0,5 г, 6 жастан үлкен балаларға 0,03 – 0,25 г тағайындайды. Күніне 2 – 3 рет. Әсер ету механизмі толық зерттелмеген.
-

- Пайдаланылған әдебиеттер:
 - Google.kz
 - Medline.com
-

**НАЗАР САЛЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!!**
